

"Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау Қағидасын бекіту туралы" Абай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 қарашадағы № 8-7 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Абай аудандық мәслихатының 2017 жылғы 26 маусымдағы № 12/6-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылды 10 шілдеде № 5120 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай аудандық мәслихатының 2019 жылғы 18 қазандағы № 40/5-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай аудандық мәслихатының 18.10.2019 № 40/5-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О - н ы ң е ск е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы", 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" қаулыларына, Қазақстан Республикасы ұлттық экономика Министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 319 "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" бүйрығына сәйкес, Абай аудандық мәслихаты **ШЕШІТІ:**

1. "Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау Қағидасын бекіту туралы" Абай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 қарашадағы № 8-7 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2779 болып тіркелген, 2012 жылғы 23-31 желтоқсанда № 48 "Абай елі" газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау Қағидасы 1 қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Абай аудандық мәслихатының кейбір шешімдері 2 қосымшага сәйкес күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрагасы

Мәслихат хатшысы

A. Елубаев

E. Лдибаев

Абай аудандық мәслихатының

2017 жылғы 26 маусымдағы

№ 12/6-VI шешіміне

1 қосымша

Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау Қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету қағидасы (бұдан әрі-Қағида) Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулыларына, "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы ұлттық экономика Министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 319 бүйрығына сәйкес әзірленді және аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындауды.

2. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен осы елді мекенде тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға):

1) жекешелендірілген тұрғынжайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін қутіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарды;

2) тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына;

3) жергілікті атқаруши орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысын төлеуге беріледі.

Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

3. Тұрғын үй көмегі тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындастын сметаға сәйкес, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған коммуналдық-қызметтер көрсету ақысын төлеуге жеткізушилер ұсынған шоттар бойынша көрсетіледі.

Коммуналдық қызметтерді жеткізушилер "Абай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ (бұдан әрі – уәкілді орган) табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі уәкілді органмен келісілген коммуналдық қызметтерге тарифтерді, олардың өзгерістерін ұсынады. Тұрғын үй көмегін есептеу кезінде қызмет көрсетушілер ұсынған жылудың шығындалуы тұрғын үй алаңының әлеуметтік нормалары шегінде есепке алынады.

Көмір құнын есептеу үшін аудан бойынша Шығыс Қазақстан облыстық статистика департаменті ұсынған орташа баға және тұрғын үй көмегін есептеген тоқсанның алдындағы тоқсанның соңғы айындағы жағдаймен алынған ақпарат қолданылады.

Жергілікті жылу жүйесімен жылдытылатын жеке меншік үй құрылыштарында қолданылатын басқа отын тұрлерінің құны мен шығын нормасы, тұрғын үй көмегін есептегендеге көмірдің құны мен шығын нормасына балама ретінде есептеледі.

2. Тұрғын үй көмегін тағайындау тәртібі

4. "Тұрғын үй көмегін тағайындау" мемлекеттік қызметін уәкілді орган көрсетеді.

5. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасы (азамат, не нотариалды қуәландырылған сенімхат бойынша оның өкілі) тоқсан сайын, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамына немесе "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталына өтініш береді және Қазақстан Республикасы ұлттық экономика Министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 319 "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" бүйрығымен бекітілген "Тұрғын үй көмегін тағайындау" мемлекеттік көрсетілетін қызметі стандартының 9 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысының 4-тармағына сәйкес құжаттар тізбесін ұсынады.

6. Алғаш өтініш жасаған кезде тұрғын үй көмегі қажетті құжаттар тізбесімен бірге өтініш берген айдан бастап тағайындалады.

7. Өтініш беруші тұрғын үй көмегін тағайындауға тоқсан сайын өтініш жасаған кезде, тұрғын үй көмегі өтініш жасаған тоқсанда құжаттарды ұсыну мерзімінен тәуелсіз тоқсанға тағайындалады. Егер алдыңғы тоқсанда құжаттар ұсынылмаған жағдайда тұрғын үй көмегін есептеу өтініш берген айдан бастап жүзеге асырылады.

8. Жергілікті жылумен жылтылылатын жеке тұрғын үйлерде тұратын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегі өтініш берген айдан тәуелсіз жылына бір рет тоқсанға тағайындалады.

9. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін құжаттар ағымдағы тоқсанның соңғы айының 25-іне дейін қабылданады.

10. Тұрғын үй көмегі көрсетілмейді:

1) жеке меншігінде бір бірлікten артық тұрғын үйі (үйі, пәтері) бар немесе тұрғын үй-жайларын жалға берген;

2) құрамында жұмысқа жарамды, бірақ жұмыс істемейтін, оқымайтын, әскер қатарында қызмет етпейтін және жұмыспен қамту мәселелері бойынша уәкілетті органда тіркелмеген тұлғалары бар, келесі тұлғаларды қоспағанда: бірінші және екінші топтағы мүгедектерді, 18 жасқа дейінгі мүгедек-балаларды, сексен жастан асқан тұлғаларды күтетін тұлғаларды, жеті жасқа дейінгі баланы тәрбиелеумен айналысатын аналарды, мүгедек топтары жоқ туберкулез, онкологиялық, психоневрологиялық диспансерлерінде тіркеуде тұрған тұлғалар;

3) құрамында заңды некеде тұрған, бірақ жоқ жұбайының тұрғылықты жерін білмейтін (көрсетпейтін) және осы мәселе бойынша құқық қорғау органдарына өтініш жасамаған тұлғалары бар;

4) егер ата-аналары ажырасқан және өздерімен бірге тұратын балаларына алимент өндіру туралы талап бермеген.

11. Отбасының жұмыссыз мүшелері ұсынған жұмыстан немесе жұмысқа орналасудан дәлелсіз себептермен бас тартқан, өз еркімен қоғамдық жұмыстарға қатысады, оқуды немесе қайта оқуды тоқтатқан отбасылар жұмысқа орналасуды, оқуды және қайта оқуды қайта бастағанға дейін тұрғын үй көмегін алу құқығынан айырылады.

12. Тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, электр жүйесімен, газбен қамтамасыз етуге арналған шығыстар өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсанға орта есеппен ескеріледі. Сумен қамтамасыз ету, су бұзу, жылу энергиясы, қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару, телекоммуникация қызметтері үшін шығыстар қызмет көрсетушілердің тарифтері бойынша ескеріледі.

13. Жылу энергиясын тұтынуды үйге ортақ есепке алу құралдары бар тұтынушылар үшін есептеуге алынатын шығындар алдыңғы тоқсандағы нақты шығындар бойынша үйге ортақ есепке алу құралдары бар үйлерді жылытуға жылу энергиясын тұтыну нормалары шегінде анықталады.

14. Үйлерде орталықтандырылған жылыту болмаған жағдайда жылытуға және ыстық сумен қамтамасыз етуге төлем мөлшері электр энергиясына есептелген сомадан үйге ортақ есепке алу құралдары бар үйлерді жылытуға жылу энергиясын тұтыну нормалары және ыстық сумен қамтамасыз етуге белгіленген тарифтер шегінде есептеледі.

15. Құрамында зейнеткерлер, мүгедектер, мүгедек балалар, жетімдер, қамқорлықтағылар, төрт және одан да көп кәмелеттік жасқа толмаған балалары бар отбасыларды қолдау мақсатында тұрғын үй көмегін есептегендегі кіріс Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен сол уақыт кезеңіне сәйкес белгіленген екі айлық есептік көрсеткішке түзетіледі (кемітіледі).

16. Тұрғын үй көмегін тағайындаған кезде келесі шарттар қолданылады:

1) өтініш беруші заңды некеде тұрса, бірақ зайдыбы сол мекен-жай бойынша тіркелмеген болса – ерлі-зайыптылардың екеуінің де табыстары есептеледі және тұрғын үй көмегі туралы өтініш берген зайдыбының мекен-жайы бойынша тұрғын үй көмегі тағайындалады;

2) өтініш берушінің үйінде ата-ана құқығынан айырылмаған және басқа жерде тіркелген ата-анасы бар 18 жасқа дейінгі бала тіркелген жағдайда – баланың ата-анасының табыстары есептеледі.

17. Тұрғын үй көмегін ұсыну үшін негіз үекілетті органның шешімі болып табылады.

18. Тұрғын үй көмегін алушылар 10 жұмыс күні ішінде үекілетті органды өз тұрғын үйінің меншік нысанының, отбасы құрамының, оның жиынтық табысы мен мәртебесінің кез келген өзгерістері туралы хабардар етеді.

Отініш берушілер ұсынылған мәліметтердің дұрыстығы үшін заңнамамен белгіленген тәртіпте жауапты болады.

19. Негізсіз алынған тұрғын үй көмегінің сомалары алушымен ерікті тұрде, ал бас тартқан жағдайда заңнамамен белгіленген тәртіпте қайтарылуға жатады.

3. Тұрғын үй көмегінің мөлшері, тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтерді тұтыну нормативтері

20. Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының үлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарды,

коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

21. Отбасының шекті жол берілетін шығыстарының үлесі отбасының жиынтық табысына қарай 10 % мөлшерінде белгіленеді.

22. Тұрғын үй көмегінің мөлшерін есептеу кезінде келесі нормалар ескеріледі :

1) аландар:

жалғыз басты тұрып жатқан азаматтарға – 30 шаршы метр ;

2 адамнан тұратын отбасына – 30 шаршы метр;

3 адамнан тұратын отбасына – 38,52 шаршы метр;

4 және одан артық тұратын отбасына – әрбір адамға 15 шаршы метр, бірақ 38,52 шаршы метр көп емес;

2) газ шығыны – жер үй құрылыштарында тұратын отбасылар үшін – айнала 1 (бір) баллон;

3) бір айға электр энергиясын тұтыну:

1 адамға – 70 кВт;

2 адамға – 140 кВт;

3 және одан артық адамға – 210 кВт;

4 және одан артық адамға – 280 кВт;

4) тұрғын үй құрылышының жалпы ауданының 1 шаршы метріне көмірдің шығыны – 129,8 кг, бірақ бір үйге 5000 кг артық емес.

4. Тұрғын үй көмегін төлеу

23. Тұрғын үй көмегін төлеу екінші деңгейдегі банктер арқылы алушылардың дербес шоттарына аудару жолымен жүзеге асырылады.

5. Қорытынды ережелер

24. Осы Қағидалармен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

Абай аудандық мәслихатының

2017 жылғы 26 маусымдағы

№ 12/6-VI шешіміне 2 қосымша

**Абай аудандық мәслихатының күші жойылған кейбір шешімдерінің
Тізбесі**

1."Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау Қағидасын бекіту туралы" Абай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 қарашадағы № 8-7 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Абай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 20/5-V шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3335 болып тіркелген, 2014 жылғы 23-31 мамырда № 18 "Абай елі" газетінде жарияланған);

2."Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау Қағидасын бекіту туралы" Абай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 қарашадағы № 8-7 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Абай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 25/4-V шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3650 болып тіркелген, 2015 жылғы 25-31 қаңтарда № 4 "Абай елі" газетінде жарияланған);

3."Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау Қағидасын бекіту туралы" Абай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 қарашадағы № 8-7 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Абай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 13 ақпандағы № 26/2-V шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3719 болып тіркелген, 2015 жылғы 16-22 наурызда № 11 "Абай елі" газетінде жарияланған);

4."Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау Қағидасын бекіту туралы" Абай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 қарашадағы № 8-7 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Абай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 8 сәуірдегі № 28/3-V шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3900 болып тіркелген, 2015 жылғы 1-7 мамырда № 17 "Абай елі" газетінде жарияланған);

5."Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау Қағидасын бекіту туралы" Абай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 қарашадағы № 8-7 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Абай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 8 сәуірдегі № 28/3-V шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Абай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 13 шілдедегі № 29/8-V шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4062 болып тіркелген, 2015 жылғы 15-23 тамызда № 31 "Абай елі" газетінде жарияланған);

6."Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау Қағидасын бекіту туралы" Абай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 қарашадағы № 8-7 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Абай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 17 маусымдағы № 3/7-VI шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4586 болып тіркелген, 2016 жылғы 16-23 шілдеде № 27, 24-31 шілдеде № 28 "Абай елі" газетінде жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК